

## Дайыр ауылдық округіндегі Дайыр ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 03 маусымдағы N 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 шілдеде N 4027 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі N 1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 27.04.2016 № 1 шешімімен (қабылданған күннен бастап күшіне енеді).**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторының ұсынысы негізінде Дайыр ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Дайыр ауылдық округіндегі Дайыр ауылында мүйізді ірі қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы С. Қожекеновке осы шектеу іс-шараларынан туындайтын талаптарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Дайыр ауылдық округінің әкімі*  
*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Б. Балғабаев*

*Зайсан ауданының бас мемлекеттік*  
*ветеринариялық-санитариялық инспекторы*

*С. Қожекенов*

04.06.2015 жыл